

Қайынды селолық округі әкімінің 2012 жылғы 17 сәуірдегі № 7 "Қайынды селолық округінің құрамды бөліктерін атау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы Қайынды ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 09 ақпандағы № 4 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 ақпанда № 5270 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына сәйкес, Қайынды ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙДЫ**:

1. Қайынды селолық округі әкімінің 2012 жылғы 17 сәуірдегі № 7 "Қайынды селолық округінің құрамды бөліктерін атау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-10-166 тіркелген, 2012 жылғы 7 маусымда "Темір" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімінің мемлекеттік тіліндегі деректемелерінде, атауында және бүкіл мәтіні бойынша "селолық", "селосының" сөздері "ауылдық", "ауылдының" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қайынды ауылдық округінің әкімі

A. Мустафин